

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"»Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы»16 тамыздағы N 229-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы"»Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі: орталық атқарушы органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге е н г і з с і н ;

тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы»16 тамыздағы
N 229-ө өкімімен

бекітілген

" Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы "
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы " »Қазақстан Республикасының
2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында
қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің
тізбесі

Ескерту: Тізбеге өзгертулер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006 жылғы 24 қазандағы N 305-ө өкімімен .

Р/с №	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты мемлекеттік органдар
1	2	3	4	5
1	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгінысанын бекіту туралы	Қазақстан Республик асы Үкіметінің қаулысы	2 0 0 6 жылғықыркүйек	АШМ (жинақтау), ҚҚА

2	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану ережесін және агент қызметтерінің ақысын төлеудің мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы қыркүйек	АШМ (жинақтау), Қаржымині, ҚҚА
3	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 тамыздағы N 863 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы қыркүйек	АШМ (жинақтау), Қаржымині, ҚҚА
4	Қолайсыз табиғат құбылыстарын анықтайтын өлшемдер мен сипаттамаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы ақпан	Қоршаған ортаның (жинақтау), ТЖМ, АШМ
5	Ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған егістік алаңының мөлшерін және қолайсыз табиғат құбылысының фактісі бойынша тексеру актісінің нысанын анықтау үшін комиссия құру және жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы қыркүйек	АШМ (жинақтау), СА, облыстар әкімдіктері
6	Қолайсыз табиғат құбылысының фактісін растайтын гидрометеорологиялық қызмет органы және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы анықтамасының үлгі нысанын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы қыркүйек	Қоршаған ортаның (жинақтау), ТЖМ, АШМ
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 412 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы ақпан	АШМ
8	Өсімдік шаруашылығы саласындағы өздерінің бақылау функцияларын уәкілетті органның жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының және агенттің ұсыну нысаны мен мерзімдерін бекіту туралы	АШМ бұйрығы	2006 жылғы қыркүйек	АШМ
9	Жойылған егіс алқаптарын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы	АШМ бұйрығы	2007 жылғы ақпан	АШМ

Ескертпе: аббревиатураларды толық жазу:

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК